

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
Ұйымдастырылған іс-әрекет: Музыка **Қыркүйек айы.**

Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:	«Топ-топ, балақан» әні	
Күні: 06.09.2023ж – 13.09.2023ж	2 сағат (Әннің бірінші шумағын үйреніп, екінші шумағын келесі ҮІӘ-те жалғастыру)	
ТОП: Балдырған	Ортаңғы топ	
Міндеттері	Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, барлығы бір қарқында әнді таза айтуға үйрету. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындауға баулу.	
Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату	Музыка залына көңілді музыка әуенімен қарсы алу. Шеңбер бойымен жеңіл әуенге ілесіп аяқтың ұшымен жүгіруді, серіптелі қозғалыс жасау, айнауды ұсынады. «Мига шабуыл» әдісі	(көңілді, көңілсіз, сабырлы) күндер
II. Ұйымдастыру	Қанша бала, қанша қыз, Бір шоқ гүлміз баршамыз! Ойын-күлкі ордасы Біздің балабақшамыз! – Балалар, өлеңде не туралы жазылған? Сұрақ арқылы балалардың жауап беруіне мүмкіндік жасау.	
III. Тақырып бойынша жұмыс	Музыка тыңдау: «Сәби қуанышы» (Е. Хасанғалиев) – Балалар, музыка көңілді ме, көңілсіз бе? Бұл музыкаға қандай қимыл жасауға болады? Шығарманың көңілді мазмұнына эмоциялық көңіл күй танытады. Ән айту. «Топ-топ, балақан» (М. Арынбаев, А. Асылбек) Ән айту кезінде ықпалды көтермей, денені тік ұстап айтуға дағдыландыру. Алдымен мәтінін үйреніп, әуенді анық айтуға үйрету. Әннің сипаты, мазмұны туралы түсіндіру. Әннің бірінші шумағын үйреніп, екінші шумағын келесі ҮІӘ-те жалғастыру. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Достастық» беларус халық әуені. Би сипатын сезіне орындауға үйрету. Жетекшінің көрсетуімен би қимылдарын қайталауға, бірге жасауға үйрету. Муз-дидактикалық ойын: «Үш күн» Шарты: Әр балаға әуеннің көңіл күйін білдірітін үш түрлі (көңілді, көңілсіз, сабырлы) күндер беріледі. Музыка жетекшісі музыкалық шығарманы ойнайды. Балалар әуеннің көңіл күйіне сай күнді жоғары көтереді. Егер де балаға музыкалық шығарма таныс болса, ол бала шығарманы атын атайды.	
IV. Рефлексия	Балаларды мадақтайды. Бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетте оларға не ұнағанын, не қызықты болғанын айтуды ұсынады.	

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
Ұйымдастырылған іс-әрекет: Музыка
Қыркүйек айы.

Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:	«Менің добым» әні	
Күні: 20.09.2023ж – 27.09.2023ж	2 сағат (Әннің бірінші шумағын үйреніп, екінші шумағын келесі ҰІӨ-те жалғастыру)	
ТОП: Балдырған	Ортаңғы топ	
Міндеттері	Музыканың сипатын түсінуге, әнінің сипатын жеткізуге (көңілді, созып, ойнақы айту) үйрету. Шеңбер бойымен бірінші артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету.	
Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату	Балаларды көңілді қарсы алады. Шеңбер бойымен музыкаға ілесіп жеңіл жүзгіруді ұсынады. «Жүгіреміз» музыкасы. «Мига шабуыл» әдісі Жұмбақ шешу: Шіркiнiнiң өзiне обал-ақ, Жүредi аяқта домалап бұл не балалар? (Доп)	Доптар, 3 түсті шарлар
II. Ұйымдастыру		
III. Тақырып бойынша жұмыс	Музыка тыңдау: «Құлыншақ» (К. Шілдебаев, И. Сапарбай) Әнді тыңдап, сипатына, екпiнiне мән беруге, мазмұнын түсiнуге үйрету. Эмоциялық көңiл күйлерiн, қызығушылықтарын ояту. Ән айту: «Доп» (Б. Қыдырбек, А. Асылбек). Әнді орындап, мәтiнi туралы әңгiмелеу. Екiншi ретiнде әнiн әуенiне қосылып айтуға, сөздерiн таза айтуға үйрету. Ән айту ережелерiн еске салу. Музыкалық-ырақтық қозғалыстар: «Доптармен жаттығулар» (Г. Фрид) (жетекшiнiң көрсетуiмен). Ырақты сезiне, допты қалдана көрсетiлген би қимылдарын қайталау. «Өз түсiңдi тап» ойыны. Шарты: 3 топқа бөлiнiп, 3 түрлi шарлар ұстайды. Ортаға шарлардың түстерiне сәйкес түске боялған құрсаулар қойылады. Музыка ойналғанда балалар жеңiл жүзгiредi, аяқталғанда әрқайсысы шарларының түстерiне сәйкес құрсауға жиналуы қажет.	
IV. Рефлексия	Балаларды мадақтайды. Қандай ойын сендерге ұнады? Алдағы уақытта қандай музыкалық көңiлдi ойындар ойнағыларың келедi? (бала үнi)	

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
Ұйымдастырылған іс-әрекет: Музыка **Қазан айы.**

Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы: «Көңілді аңдар» биі		
Күні: 04.10.2023ж – 11.10.2023ж 2 сағат (2-ші бөлімінде әуенге сай қимылын көрсетуді, шапшаң қимылдауды үйретуді жалғастыру)		
ТОП: Балдырған	Ортаңғы топ	
Міндеттері	Ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту; аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді т.б.	
Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату	Музыка залына көңілді музыка әуенімен қарсы алу. « Мына шабуыл » әдісі: Жұмбақ шешу. Балаларды жұмбақты шешіп, жануардың суретін табуды (немесе ойыншықты) табуды ұсынады. Жазда сұр, қыста ақ (Қоян) Өзі иірақ, өзі кү; Жүрген жері айқай-шу. (Түлкі) Жеміс-жидек жегенім, Балды жақсы көремін (Аю)	Аңдардың суреті, қоянның беттерделері, Сәбіз
II. Ұйымдастыру		
III. Тақырып бойынша жұмыс	- Менің қалыңдағы әдемі қорғашаны көрдіңдер ме, қарайықшы, оның ішінде не бар екен? - Мына кереметті қараңдар. Айяру бізге қоянның, түлкі мен аюдың киімдерін жіберіпті. Ендеше, ертегі кейіпкерлеріне айналып, олардың қимыл-әрекеттерін салып көрейік. Ойын: «Олар қалай жүреді?» Шарты: Балалар музыка ырғағымен шеңбер құрып жүреді. Жетекші аюдың суретін көрсетсе аюдың жүрісін, қоянды көрсетсе қоянның жүрісін, түлкіні көрсетсе түлкінің жүрісін салып жүреді. Жетекші бірте-бірте әуен ырғағына жылдамдық қосып отырады. Балалар түлкі жылмаңдап болып жүреді, қоян болып секіреді, аюдың қорбаңдаған жүрісін салады. «Аңдар» биі. Bilimland Kids Жетекшінің көрсетуімен әуенмен бірге ырғақты сезіне, би қозғалыстарының қарапайым элементтерін жасай алады. «Аңшы мен қояндар» ойыны Шарты: Бір - бір сәбіз ұстаған қояндар музыкамен жерге жатып аунат, аяқтарын тытырлатып немесе би қимылдарын жасап секіреді. Сәбіз ұрлап жатқан қояндарды аңшы көріп қалып, «Пух! Пух!» - деп атады. Қояндар орындарынан тұрып, жан - жаққа қашады. Музыка тоқтағанда тырп етпей отыра, не жата қалады. Қозғалған қоян айыпты болып, ән немесе би бисейді.	
IV. Рефлексия	Бағалау «Бас бармақ» әдісі	

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы

Ұйымдастырылған іс-әрекет: Музыка

Қазан айы.

Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы: «Күз келді» әні		
Күні: 18.10.2023ж – 01.11.2023ж 2 сағат (Әннің бірінші шумағын үйреніп, екінші шумағын келесі ҮІӨ-ге жалғастыру)		
ТОП: Балдырған	Ортаңғы топ	
Міндеттері	Ре (ми) – ля (си) диапазонында ән айту дағдыларын дамыту. Ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтауға үйрету.	
Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату	Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру; суреттер көрсету арқылы табиғат құбылыстары туралы әңгімелеу. «Жемістер мен көкөністер» Шарты: Музыка әуенінің ауысымына қарай жемістер мен көкөністердің бетпердесін киген балалар шеңбер бойымен билеп жүреді. Музыка әуені тоқтағанда жемістер, көкөністер балып екі топқа бөлініп тұра қалады.	Жатырақтар, жемістер мен көкөністердің бетпердесі.
II. Ұйымдастыру		
III. Тақырып бойынша жұмыс	Музыка тыңдау: «Күз – жасмарт» (Д. Ботбаев, Е. Өтетілеуұлы) Түрлі сипаттағы әннің мазмұны мен көңіл күйін тыңдау. Ән айту: «Күз келді» (А. Досмағамбетова) әнін педагог орындап, әннің мазмұны, сипаты туралы түсіндіреді. Екінші рет орындап, ән әуеніне «ре (ми)- ля (си)» буынымен қосуды және ересектермен бірге айтуды ұсынады. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Күзгі жатырақтар биі» («Вальс» А. Аренский) Балаларға түрлі түсті жатырақтар таратылады. Әуен ырғағына сәйкес би қимылдарын көрсетіп, қайталауды ұсынады. «Жатырақтардың түсін ажырат» қимылды ойыны Шарты: (сары, қызыл, жасыл, қызғылт сары). Әуен ойналып, әртүрлі түстегі жатырақтарды сол түске сәйкес қойылған құрсауларға ептілікпен, шатишаңдықпен жинау. Әуенді музыка жетекшісінің таңдауымен.	
IV. Рефлексия	Балалау: «Үш шапалақ» әдісі	

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
Ұйымдастырылған іс-әрекет: Музыка **Қараша айы.**

Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырымы: Қоңырау, сылдырмақ, маракас аспаптары		
Күні: 08.11.2023ж – 15.11.2023ж 2 сағат		
ТОП Балдырған	Ортаңғы топ	
Міндеттері	Музыкалық қоңырау, сылдырмақ, маракас аспаптарымен және аспаптардың дыбысталуымен таныстыру. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау.	
Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату	Көңілді таныс әуен екпінімен шеңбер бойымен жүру, жүгіру, жеңіл секіру, қол ұстасып айналу қимылдарын жасау. ПӘЖО «Көңілді сылдырмақтар» Қатылызда сылдырмақ. Сылдыр-сылдыр етеді. Аяғымыз тотылдап, Өңі білет кетеді.	Қоңырау, сылдырмақ, маракас аспаптары
II. Ұйымдастыру		
III. Тақырып бойынша жұмыс	Вайбаран TV арнасынан саби: «Аспаптар» қарату. Музыкалық аспаптармен танысу және дауыстарын ажырату. Музыкалық – дидактикалық ойын: «Сылдырмақ, қоңырау және маракас» Шарты: Сылдырмақтың дыбысына балалар шеңбермен аяқтың ұшымен жүреді. Қоңырау дауысы естілгенде қол шалпалақтайды. Маракас үнін естігенде аяқпен тотылдатады. Ойын бірнеше рет қайталану арқылы аспап үндері балалардың есінде сақталады. Ән айту: «Сылдырмақ» (А. Тоқсанбаев, И. Сапарбай) Жаңа әнді музыка жетекшісі орындап береді. Аспаптың сүйемелдеуімен ән әуенін бірге қосыла орындауын қадағалау. Әннің 1-шумағының сөзін үйретіп, екі қатардан әнге қосады. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Сылдырмақпен ойын» (Б. Дәлденбай). Балаларды шеңбер бойымен тұрғызып, қолдарына сылдырмақтар беріледі. Музыка ырғағына сай сылдырмақты сылдыратып, әуен дауысы бәсеңдегенде арттарына жасырып, шеңбер бойымен ақырын басып жүреді. Музыка аяқталғанда аяқ бүгіп отыра қалу.	
IV. Рефлексия	Бағалау: смайликтер арқылы	

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
Ұйымдастырылған іс-әрекет: Музыка Қараша айы.

Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы: «Пойыз» әні		
Күні: 22.11.2023ж – 29.11.2023ж 2 сағат (Әннің бірінші шумағын үйреніп, екінші шумағын келесі ҮІӘ-ге жалғастыру)		
ТОП: Балдырған	Ортаңғы топ	
Міндеттері	Музыканың сипатын түсінуге, түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл-күйін қабылдай білуді қалыптастыру. Таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.	
Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату	Көңілді таныс әуен екпінмен шеңбер бойымен жүру, жүгіру, жеңіл секіру, қол ұстасып айналу қимылдарын жасау. Ғажайып сәт: «Үнтаспадан пойыз дауысы естіледі» Музыка жетекшісі паровозды бейнелеп, өзі балалар қатарының алдына келіп тұрады.	ҮІӘ-ке қажетті әуендер жинағы.
II. Ұйымдастыру	-Біздің пойызымыз қандай ұзын/пойызымызға көп вагондар тіркеліпті. Қане, пойыздың дөңселектері қалай айналады, көрсетіңдерші. Балалар қолдарын бүгіп, алға-артқа қозғалтып «Ту-ту-ту» деп дыбыс шығарады. Музыкалық қимылды ойын: «Остановками чух, чух-тахки, тахи»	
III. Тақырып бойынша жұмыс	Ән айту: «Пойыз» Ж.Смақов. Қане, кімнің бойы ұзын? Паровозы ол пойыздың, Қатар-қатар тұрайық, Пойызды біз құрайық. Ал, паровоз, баста алға, Бәрімізді басқар да. Пи-пи, пи-пи, біз кеттік, Жүрісті тым үдеттік. Әнді орындап беріп, мәтіні туралы әңгімелеу. Екінші рет орындалғанда әннің әуеніне қосылып айтуға үйрету. 1-шумақ сөздерін қайталау. Музыкалық қимылды ойын: «Жұптасу» Шарты: Балалар ортаға үлкен шеңбер ішіне жиналады. Барлығы көңілді әуенге би билейді. Әуен тоқтаған сәтте жұптасып тұра қазулары қажет. Жетекші әуен тоқтар алдында нешеуден жұптасу керегін айтып тұрады. (екі, үш, төрт)	
IV. Рефлексия	Бағалау: «Үш шаталақ» әдісі	

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
Ұйымдастырылған іс-әрекет: Музыка Желтоқсан айы.

Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы: «Торғай» әні		
Күні:	06.12.2023ж – 13.12.2023ж	2 сағат (Әннің бірінші шумағын үйреніп, екінші шумағын келесі ҮІӨ-ге жалғастыру)
ТОП: Балдырған	Ортаңғы топ	
Міндеттері	Музыкалық жанр марш әуеніне сай қымылдар жасату. Музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Аспаптың сүйемелдеуіне ілесе отырып бірге ән айту.	
Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату	Таныс марш әуені ойналып, балаларға ырақпен нық басып жүруді ұсынады. Нық басып келеміз! Бір, екі, үш! Көңілді жүреміз! Бір, екі, үш! (Үнтаспадан торғайлар дауысы естіледі).	ҮІӨ-ге қажетті әуендер жиыны. Ойыншық мысық.
II. Ұйымдастыру	Шық-шық етіп дыбыстайды. Ешбір құстан қалыспайды. Тұмсығымен жер шоқып, Тары, бидай тереді.	
III. Тақырып бойынша жұмыс	Музыка тыңдау: «Құстар әні» (Н. Тілендиев). Аспапта орындалған шығарманы тыңдап, сипатын анықтайды. Ән айту: «Торғай» (А. Райымқұлова) әні орындалып, тыңдалады. Әнді қайталап айтып, балаларға мәтінге сай өз беттерінше қимылмен көрсетулерін сұрайды. Келесі кезекте балаларға торғай атрибуттары кигізіледі. «Мысық пен торғайлар» ойыны («Құстар» Л. Баников) Әуенінің ырағымен ілесе қолдарын созып, «ұшуларын» сұрайды. Үйшік шатырында отырған ойыншық мысықты көрсетіп: Ала мысық пырылдап, жалықпайды, ұйықтайды, Торғайды аңдып шатырдан күні бойы шықпайды. Мияу-мияу... – деп балаларды – «торғайларды» сақтандырады. Ойын барысында торғайлардың мысықтан қашып, «сымдарға» – ұзын жіпке тізіліп, қонып үлгерулерін қадағалайды.	
IV. Рефлексия	Балалар, топта тәрбиешімен бірге торғайға ұл жасап берейік. Балаларға бүгінгі күннің көңілді өткенін айтып, мадақтайды.	

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы

Ұйымдастырылған іс-әрекет: Музыка

Желтоқсан айы.

Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы: «Шырша» биі		
Күні: 20.12.2023ж – 27.12.2023ж 2 сағат		
ТОП: Балдырған	Ортаңғы топ	
Міндеттері	Музыкалық шығарманың көңіл – күйі (мұңды, көңілді) байқауға үйрету. Заттармен музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бірбірден, жұптен ырғақты қимылдар орындау.	
Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату	Үнтаспада «Жаңа жыл» (Б. Бейсенова) әні орындалып, балаларды қарсы алу. Көңілді серуенге шақырып, қол ұстасып жүрулерін сұрайды. Әннің 1-ші шумағында қол ұстасып, зал ішінде еркін жүрулерін қадағалайды. Қайырмасында бір орында тұрып, қал шапалақтайды.	ҮІӘ-ке қажетті әуендер жиыны
II. Ұйымдастыру	2-ші шумағында ойыншық шырша айналасында шеңбер бойымен қол ұстаса айналу қимылдарын үйрету.	
III. Тақырып бойынша жұмыс	Музыка тыңдау: «Жасыл шырша жанында» (Д. Байтлеуов, Ә. Асылбеков) Ересектердің орындауындағы әнді тыңдап, сезіне білуге үйрету. Әннің мәтінін түсіндіріп, сипаты туралы әңгімелеу. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Шырша» биі (Бақыт Қасымбекова) Балалар шырша болып киініп, жетекшінің көрсетуімен мәнерлі би қимылдарын жасайды. Бірінің артынан бірі жүру барысында ырғақты және музыканың сипатын игере мәнерлі орындауға үйрету. «Қар астындағы қызықтар» ойыны Шарты: музыка залына бала санына қарай қатты картоннан қиылған қар кесектері тасталынады. Балалар әуен ырғағымен қардан-қарға секіріп ойнап жүреді. Әуен тоқтағанда қай қардың үстінде тоқтайды сол қарды алып артында жасырынған аспап суретін атауы қажет.	қатты картоннан қиылған қар кесектері
IV. Рефлексия	Бағалау: «Қол сигналы» әдісі Сендерге ойындар ұнады ма? Алдағы уақытта қандай ойындар ойнауды қалайсыңдар? (Бала үні)	